

**«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тунгатова Улжан Аскарбаевнаның «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады.</p> <p>«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u>	Зерттеу жұмысында Қазақстандағы дінтанулық білімнің қалыптасу тарихы мен дамуы, Қазақстанның орта және арнайы мекемелеріндегі және жоғарғы оқу орны жүйесіндегі дінтанулық білім беру мәселелеріне теориялық талдау

			жасалған және сараптама берілген жалпы гуманитарлық ғылымға қосатын үлесі жоғары деп бағалауға болады. Зерттеудің жоспары, жүйесі, мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық тұжырымдары диссертацияның маңыздылығын толық негіздейді. .
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Қорғауға ұсынылған диссертация жұмысының мазмұнына, ғылыми тіліне, түйін-тұжырымдарындағы өзіндік сипаттамаларына қарап зерттеушінің жоғары деңгейде ғылыми тілді меңгергенін аңғаруға болады. Зерттеу тақырыбы бойынша жарық көрген шетелдік және Отандық авторлардың еңбектері мен зерттеулеріне талдау жасап, оларды салыстырып, өзіндік тұжырымдар жасайды. Автор Қазақстандағы дінтану мәселелерінің себеп салдарын, оны шешу жолындағы ғалымдардың көзқарастарын беріп және әр ғылыми бағыттарды топтамалап, логикалық жүйелікті сақтай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі жеткілікті негізделген. Қазақстандағы дінтанулық білімді жетілдіру үшін автор дінтанулық пәндердің, бағдарламалардың сапасы мен тиімділігін талдау және мониторинг жүргізу зайырлы мемлекет азаматын қалыптастыру ісінде аса өзекті деп есептейді. Дінтанулық білімді зерттеу қазіргі Қазақстандағы жағдайын қарастырып қана қоймай, көпэтносты және көпконфессионалды қоғам үшін діни және дінтанулық білім берудің маңызы анықтауға, болашақта тек білім беру саласының ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік, саяси, тарихи және басқа да қырларының белгілі бір дәрежеде өзгеру тенденциясына болжам жасауға мүмкіндік береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны тақырыбын толық ашқан. Бірінші тарауда дін туралы ғылым және дінтанулық білім категориялары анықталып, дінтанулық білімнің шетелдік тәжірибе талданады, жалпы діни толерантты діни сананы қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлі көрсетіледі.

			<p>Екінші тарау Қазақстанның орта және арнайы мекемелеріндегі және жоғарғы оқу орны жүйесіндегі дінтанулық білім беру мәселелеріне қатысты қазақ даласындағы мектеп-медреселердегі білім беру ерекшеліктеріне, қазіргі орта білім беру жүйесіндегі дінтанулық білім талқыланады. Автор бұл тарауда зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасына ерекше мән беріп, дінтанушы-педагог бейнесінің үлгісін ұсынады.</p> <p>Үшінші тарау замануи Қазақстандық ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтанудың рөлін ашады, Қазақстан жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беру сапасына сараптама беріліп, дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің тиімділігі және даму перспективалары бағаланады.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) <u>сәйкес келеді</u>;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді. Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективаларын ғылыми тұрғыда кешенді зерттеу мақсатымен ізденуші өзіне тоғыз міндет қойған және осы міндеттерді жүелі түрде орындап, әр тараудың бөлімшелерінде ғылыми қорытындылар мен тұжырымдар жасау арқылы беріп отырған.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  1) <u>толық байланысқан</u>;  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс 3 тараудан, тоғыз бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда жалпы дінтанулық білімнің қалыптасу тарихы мен дамуы қарастырылады. Екінші тарауда Қазақстанның орта және арнайы мекемелеріндегі және жоғарғы оқу орны жүйесіндегі дінтанулық білім беру мәселелеріне теориялық талдау жасалған және сараптама берілген. Соңғы тарауда Қазақстандағы жаңа бағыт ретіндегі дінтанудың рөлі ашылады.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысында логикалық байланыс толық сақталған.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</li> </ol>	<p>Ізденуші ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті дәйектеліп, оған дейінгі ғылыми шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, өзіндік ғылыми бағыт, өзіндік көзқарас нақтыланып көрсетілген. Жалпы дінтану ғылымына қатысты шетелдік және жергілікті ғалымдардың көзқарастарын салыстырумен ғана шектелмей, олардың тұжырымдарының практикалық мәнінің аздығын аатап өтеді, олардың жүзеге аспау себептерінің объективті көрсету арқылы сыни тұжырымдар береді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</li> </ol>	<p>Диссертацияны Қазақстандағы дінтанулық білімнің қазіргі жағдайына қатысты ең алғашқы ғылыми жұмыс деп бағалауға толық негіз бар. Себебі бұл саланың өзі еліміз тәуелсіздік алуымен байланысты пайда болып, дамыды. Жұмыста осы саланың негізгі мәселелері жалпы мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттар, сонымен қоса, дінтанулық білімге қатысты зерттеулер жан-жақты талданған. Дінтанулық білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерінің тарихи даму кезеңдеріне шолу жасау арқылы ізденуші Қазақстандық дінтану білімінің негізгі мәселелерін алға қояды. Бұл мәселелерді шетелдік тәжірибелермен салыстыру арқылы өзіндік шешу жолдарын ұсынады</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) <u>жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</u></li> <li>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</li> </ol>	<p>Жұмыстың ғылыми нәтижелер мен қағидаттары жартылай жаңа болып табылады. Ізденуші бірнеше тұжырымдарды осыған дейінгі зерттеушілердің ойларын жинақтап жасағандықтан жартылай жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> </ol>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан толық жаңа деп есептеуге болады. Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларында еліміздегі дін</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылуына жарамды. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер дінтануға қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажеттігі жұмыстың қолданбалы маңызын дәлелдейді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p><u>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертация жұмысының әр тарауының аяғында қомақты қорытындылар жасалған және тараушалардың бөлімдеріннің соңында да талдаулар негізінде ғылыми тұжырымдар берілген. Барлық қорытындылардың ғылыми дәлелдері жеткілікті негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>7.1 Негізгі қағидаттар толық дәлелденген. Диссертацияда ізденуші 9 қағидат айқындалған және олар зерттеудің ғылыми нәтижесімен толық сәйкес келеді.</p> <p>7.2 Әр қағидат тривиалды емес саналады. Ізденуші қағидаттарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып, ұсынған.</p> <p>7.3 Мейлінше жаңа. Автордың тақырыпқа қатысты ұсынған барлық қағидаттары бұрын ғылымда айтылмаған мәселелерге арналған. Сондықтан да жұмыс нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді.</p> <p>Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің тиімділігі және даму перспективаларына берілген тұжырымдарды ерекше атап өтуге болады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Диссертацияның ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылады. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер, дінтану және исламтану саласында студенттердің, магистранттардың, докторанттардың әртүрлі</p>

			<p>діндерді зерттеуге қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде қолдануға болады.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 9 ғылыми мақалада жарияланды. 1-еуі нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда, 4-еуі Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 4-еуі халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрген. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Жұмыста қолданылған әдіснама нақты, дәлелді. Ізденуші зерттеудің теориялық негізін дінтануда қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздерді қолданған. Тақырыпты ашуға бағытталған тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы сараптау әдістері де қолданылған, Диссертациядағы сандық зерттеуде гугл формасы арқылы мәліметтер жинақтау, сауалнама нәтижесін статистикалық өңдеу және сапалық зерттеуде бақылау, жеке және топтық әңгімелесу әдістері қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны аңғарылады
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен	Диссертацияның теориялық қорытындылары, ғылыми тұжырымдары анықталған өзара байланысты және теориялық тұрғыда дәлелденген.

		<p>дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	
		<p>8.4 <u>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</u></p>	<p>Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кеңінен қолданылған. Жалпы жұмыста айтылған әр мәселе бойынша авторлаға сілтеме берілген және де олардың барлығы мазмұндарына сәкес нақтыланған.</p>
		<p>8.5 <u>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Жұмыста 200 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге арналған. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша толық негіздеген.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызын қазіргі кезеңіндегі дінтану ғылымының негізгі мәселелерін оқытудың инновациялық формаларын іздестіруде деп бағалауға болады. Жұмыста дінтану ғылымының категориялық аппаратының қалыптасу үрдісін, дінтанудың негізгі салалары діндер тарихы, дін философиясы, дін социологиясы, дін феноменологиясы, діни философия, діни антропологияның даму тарихымен байланысты сарапталған. Дінтанулық білімнің қоғамдағы, жалпы рухани дамудағы орны мен маңызы әлеуметтік-философиялық, тарихи-мәдени түсініктер, тұжырымдамалар, теориялар, сондай-ақ педагогикалық ұстанымдар, заңнамалық актілерді талдау арқылы дәлелденген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруда дінтанулық білім беру бағдарламаларын құруда басшылыққа алуға болады. Сонымен қоса, орта және арнайы мектептерде, жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім</p>

			беруде пәннің мақсаты, мазмұны және оны жүзеге асыру жолдарында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).	Диссертацияда берілген практикалық ұсыныстар жартылай жаңа. Ізденуші жұмыс жазу барысында шетелдік және жергілікті авторлардың тұжырымдарын салыстыру арқылы кейбір авторлардың көзқарастарын қабылдап, өзіне дейін осы тақырыпқа қатысты айтылған ойларды кеңейту арқылы тұжырымдар берген.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасын жоғары бағалауға болады. Ғылыми тіл өте жоғары деңгейде қолданылған, дәлелді ой-тұжырымдар жұмыстың жоғары деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің толықтығын, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін де дәлелдейді.

6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тунгатова Улжан Аскарбаевнаның «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары» тақырыбындағы диссертация жұмысы өзекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Тунгатова Улжан Аскарбаевна 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Дінтану кафедрасының меңгерушісінің м.а.

Философия ғылымдарының кандидаты



К. Тышхан